

2026. 13 (3)

Asian Journal

"STEPPE PANORAMA"



ISSN 3135-8055

ISSN 3135-8055 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2026
© Авторлар ұжымы, 2026

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) — тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Мунинов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Болон ғылым академиясының корр. -мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қайпбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Бурханов Бимурад Бадритдинұлы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ISSN 3135-8055 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03. 04. 2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2026
© Коллектив авторов, 2026

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Бурханов Бимурад Бадритдинович — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 3135-8055 (online)

Founder and publisher: RSE on REM" Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03. 04. 2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2026
© Group of authors, 2026

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ian W. Campbell — PhD, Professor at the University of California (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Tomohiko Uyama — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

Zharken Aigul — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Burkhanov Bimurad Badritdinovich — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal "Steppe Panorama"
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 3135-8055 .
Vol. 13. Is. 3, pp. 840-853, 2026
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03. 20
https://doi.org/10.51943/3135-8055_2026_13_3_840-853

THE HISTORICAL PSYCHOLOGY OF FORCED NOMADIC DISPLACEMENT

Khazretali Makhanovich Tursun¹, Raigul Khazretalikyzy^{2}, Gulbanu Makhmutovna Kapbarova³*

¹Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(29 Sattarkhanov Str., Turkestan, Republic of Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences, Professor
 <https://orcid.org/0000-0002-8610-522X> E-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz

²Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(29 Sattarkhanov Str., Turkestan, Republic of Kazakhstan)
PhD, Senior Lecturer
 <https://orcid.org/0000-0002-2372-4795> E-mail: raygul.khazretalikyzy@ayu.edu.kz
kz*Corresponding author

³Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(29 Sattarkhanov Str., Turkestan, Republic of Kazakhstan)
2nd-year Phd student
 <https://orcid.org/0000-0002-9426-1361> E-mail: b.maxmutova@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2026
© Tursun Kh.M., Khazretalikyzy R., Kapbarova G.M., 2026

Abstract. Introduction. The source corpus on the history of forced nomadic displacement has already been formed, and its overall historical picture has been scientifically reconstructed. At the present stage, however, research on this topic requires the development of new scholarly approaches and directions, as well as the formulation of new conceptual conclusions through the application of innovative methods and techniques. Such studies contribute to the advancement of national historiography and the modernization of historical consciousness. In this regard, the use of the cognitive potential of interdisciplinary approaches and the analysis of the problem through the methods of historical psychology make it possible to develop a new perspective on the complex phenomenon of the mass repressive policies of the totalitarian regime. *Goals and objectives* of the study are to analyze the sources on the history of forced nomadic displacement using the methods and approaches of historical psychology, to offer a new interpretation of the causal relationships of this historical phenomenon, and to identify and classify its ethnodeformational consequences. *Results.* Based on archival documents and memoirs, the article provides a source-based analysis of the history of the forced nomadic displacement of the population from their native lands during the 1920s–1930s as a form of resistance to the repressive reforms of the totalitarian regime. The study identifies the phenomenon of anonymous denunciations, which became one of the factors contributing to forced displacement, and concludes that this practice turned into an effective mechanism of persecution employed by the totalitarian authorities against the population. The events related to the process of forced nomadic displacement were analyzed and evaluated through the

approaches of historical psychology. Changes in the traditional political and spiritual values of the nation were interpreted as manifestations of ethnodeformation, while their individual forms were analyzed and classified. *Conclusion.* The study applies new methodological approaches to the investigation of the history of forced nomadic displacement in the southern region of Kazakhstan.

Keywords: forced nomadic displacement, class vigilance, anonymous denunciation, ethnodeformation, historical psychology.

Acknowledgements. The article was prepared and funded within the framework of the Targeted Program Funding Project IRN BR28512385" Interdisciplinary Study of Regional Aspects of the History of Kazakhstan (Based on New Archival Materials and Folklore Works)."

For citation: Tursun Kh.M., Khazretalikyzy R., Kapbarova G.M. The historical psychology of forced nomadic displacement// Asian Journal "Steppe Panorama". 2026. Vol. 13. No. 3. Pp. 840–853. (In Kaz.). DOI: 10. 51943/3135-8055 _2026_13_3_840–853

МӘЖБҮРЛІ АУА КӨШУДІҢ ТАРИХИ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Хазретәлі Маханұлы Тұрсұн¹, Райгүл Хазретәліқызы^{2*}, Капбарова Гулбану Махмұтовна³

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

(Түркістан, Қазақстан, Саттарханов, 29)

Тарих ғылымдарының докторы, профессор

 <https://orcid.org/0000-0002-8610-522X>. E-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

(Түркістан. Қазақстан, Саттарханов, 29)

PhD, аға оқытушы

 <https://orcid.org/0000-0002-2372-4795>. E-mail: raygul.khazretalikyzy@ayu.edu.kz

*корреспондент автор

³Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

(Түркістан. Қазақстан, Саттарханов, 29)

2-курс докторанты

 <https://orcid.org/0000-0002-9426-1361> E-mail: b.maxmutova@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Тұрсұн Х.М., Хазретәліқызы Р., Капбарова Г.М., 2026

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мәжбүрлі ауа көшу тарихының деректік корпусы қалыптасып, оның жалпы картинасы ғылыми қалпына келтірілді. Ендігі кезекте тақырыпқа қатысты ғылыми зерттеу жаңа бағыттар мен желілерді игеріп, заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы тың тұжырымдар жасалуы керек. Бұл ізденістер Отан тарихының зерттелуі мен тарихи танымды жаңалауға қызмет етеді. Осы тұрғыда пәнаралық байланыстардың танымдық мүмкіндігін пайдаланып, тақырыпты тарих психологиясының зерттеу әдіс-тәсілдерімен талдау тоталитарлық биліктің жаппай қуғын-сүргін саясатының күрделі құбылысына қатысты жаңа көзқарас қалыптастырады. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – мәжбүрлі ауа көшу тарихының деректерін тарихи психология әдіс-тәсілдерімен талдап, тарихи құбылыстың себеп-салдарлы байланыстарына жаңа көзқарас ұсыну; құбылыстың этнодеформациялық салдарларын анықтау және жіктеу. *Нәтижелер.* Мақалада архив деректері мен естеліктер негізінде ауакөшуші тұрғындардың тоталитарлық биліктің қуғын-сүргін саясатына қарсылық ретінде XX ғасырдың 20-30 жылдары туған жерлерінен мәжбүрлі түрде ауакөшу үдерісінің тарихы деректік негізде талданды. Мәжбүрлі ауакөшуге ықпал етуші факторлардың біріне айналған «домалақ арыз» жазудың тәжірибеге енуінің феномені анықталды және ол

тоталитарлық биліктің тұрғындарды қуғындау тетігіне айналғандығы жөнінде тұжырым жасалды. Мәжбүрлі ауакөшу үдерісінің оқиғалары тарих психологиясының тәсілдерімен талданып, бағаланды. Ұлттың дәстүрлі саяси, рухани құндылықтарының өзгеруі этнодеформациялық ахуал ретінде бағаланып, оның жекелеген көріністері талданды және жіктелді. *Қорытынды.* Қазақстанның оңтүстік өңірінде орын алған мәжбүрлі ауакөшу құбылысы тарихын зерттеудің жаңа әдіс-тәсілі қолданылды.

Түйін сөздер: мәжбүрлі ауакөшу, таптық қырағылық, домалақ арыз, этнодеформация, тарих психологиясы.

Алғыс. Мақала «Қазақстан тарихының аймақтық аспектілерін пәнаралық зерттеу (жаңа мұрағаттық материалдар мен фольклор негізінде)» ПЦФ ИРН BR28512385 жобасы аясында орындалды және қаржыландырылды.

Дәйексөз үшін: Тұрсұн Х.М., Хазретәліқызы Р., Капбарова Г.М. Мәжбүрлі ауа көшудің тарихи психологиясы // Asian Journal «Steppe Panorama». 2026. Т. 13. № 3. 840–853 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/3135-8055_2026_13_3_840–853

ИСТОРИЧЕСКАЯ ПСИХОЛОГИЯ ВЫНУЖДЕННОГО ОТКОЧЕВАНИЯ

Хазретали Маханович Турсун¹, Райгуль Хазреталиқызы^{2}, Гульбану Махмутовна Капбарова³*

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави (29, ул. Саттарханова, Туркестан, Республика Казахстан)

Доктор исторических наук, профессор

 <https://orcid.org/0000-0002-8610-522X>. E-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz

²Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави (29, ул. Саттарханова, Туркестан, Республика Казахстан)

PhD, старший преподаватель

 <https://orcid.org/0000-0002-2372-4795>. E-mail: raygul.khazretalikyzy@ayu.edu.kz

*Автор-корреспондент

³Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави (29, ул. Саттарханова, Туркестан, Республика Казахстан)

Докторант 2 курса

 <https://orcid.org/0000-0002-9426-1361>. E-mail: b.maxmutova@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Турсун Х.М., Хазреталиқызы Р., Капбарова Г.М., 2026

Аннотация. *Введение.* Источниковый корпус по истории вынужденной миграции сформирован, а ее общая картина в значительной степени реконструирована в исторической науке. На современном этапе исследования данной темы требуют освоения новых научных направлений и подходов, а также выработки новых концептуальных выводов посредством применения инновационных методов исследования. Подобные поиски актуализируют задачи изучения отечественной истории и обновления исторического сознания. В этой связи использование познавательного потенциала междисциплинарных связей и анализ проблемы с применением методов исторической психологии позволяют сформировать новый взгляд на сложное явление массовой репрессивной политики тоталитарной власти. *Цель и задачи исследования* – проанализировать источники по истории вынужденной миграции с использованием методов исторической психологии, предложить новый взгляд на причинно-следственные связи данного исторического явления, а также выявить и классифицировать его этнодеформационные последствия. *Результаты.* В статье на основе архивных документов и воспоминаний проведен источниковедческий анализ истории вынужденной миграции

населения в 1920–1930-е годы как формы сопротивления репрессивным реформам тоталитарной власти. Выявлен феномен распространения практики написания анонимных доносов, ставший одним из факторов, способствовавших вынужденной миграции населения. Сделан вывод о том, что данный механизм был использован тоталитарной властью в качестве инструмента преследования населения. События, связанные с процессом вынужденной миграции, были проанализированы и оценены с позиций исторической психологии. Изменения традиционных политических и духовных ценностей народа были охарактеризованы как проявление этнодеформационного состояния; отдельные его проявления подвергнуты анализу и классификации. *Заключение.* В исследовании применены новые методологические подходы к изучению истории вынужденной миграции в южном регионе Казахстана.

Ключевые слова: вынужденная миграция, классовая нетерпимость, донос, этнодеформация, историческая психология

Благодарность. Статья подготовлена и профинансирована в рамках проекта ПЦФ ИРН BR28512385 «Междисциплинарное исследование региональных аспектов истории Казахстана (на основе новых архивных материалов и фольклорных произведений)».

Для цитирования: Турсун Х.М., Хазреталикызы Р., Капбарова Г.М. Историческая психология вынужденного откочевания// Asian Journal «Steppe Panorama». 2026. Т. 13. № 3. С. 840–853. (На Каз.). DOI: 10. 51943/3135-8055 _2026_13_3_840–853

Кіріспе

Тарихи танымды жаңалауда өткен ғасырдың 20–30 жылдарындағы кеңестік биліктің саяси қуғын-сүргін саясаты Отан тарихындағы күрделі тақырыпқа айналып отыр. Осы тақырыпты жан-жақты зерттеуге бағытталған соңғы жылдардағы еңбектер тарихымыздың осы кезеңін өзекті ете түсуде. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Жарлығымен құрылған мемлекеттік комиссия үш жыл мерзімде архив қорларындағы деректерді құпиясыздандырып, эпистолярлық деректерді жинастыру бойынша орасан зор ғылыми-іздістіру жұмыстарын жүргізді. Осындай жұмыстар барысында жинақталған деректер корпусын жаңа әдіс-тәсілдермен зерттеу ғылыми сипатымен бірге саяси және идеологиялық мәнге ие болған тақырыптың жаңа қырларын ашу бүгінгі күні ғылыми қауымдастықтың баса назар аударатын методологиялық мәселесіне айналып отыр. Мәселені осы тұрғыда зерттеуге арналған мақалада туған жерлерінен мәжбүрлі түрде ауа көшкен тұрғындардың әлеуметтік-психологиялық көңіл-күйін ғылыми қалпына келтіру мақсат етіп қойылды. Саяси қысымнан туындаған ертеңгі күніне деген сенімсіздік тұрғындардың бас сауғалауына негіз болды. Биліктің сойылын соққан мемлекеттік қызметкерлерге деген сенімсіздіктің түрткісі қоғамда жаппай өріс алған «домалақ арыз» жазу еді. Домалақ арызға ғылыми зерттеулерде негізінен деректік және психологиялық мәліметтер ретінде назар аударылып келеді. Шындығында, бұл аспект ұғымның мәнін толық ашпайды. Мәселенің ақиқаты қоғамдағы саяси биліктің осы «домалақ арыз» жазу үдерісін ынталандыратын тетіктерін анықтау арқылы ашылады. Мақалада мәжбүрлі ауа көшу кезіндегі домалақ арыз құбылысы архив және естеліктер деректері негізінде талданады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Деректанушы Қ. Атабаев тарихи ақпараттың табиғатын «қоғамдық оқиғалар туралы объективті немесе субъективті мәлімет беретін деректер» (Атабаев, 2000: 7) деп анықтайды. Яғни, ақпарат белгілі бір деңгейде жағдайды сипаттаумен қатар, оның авторының өмірге көзқарасын, ой-пікірін, психологиясын да бейнелейді.

Тарихи деректер ақпарат көздерінің маңыздылығы мен ерекшеліктері осы деректердің субъектілерімен және ақпарат көздерімен тығыз байланысты. Бұл туралы А.С. Лаппо-Данилевский «Тарихи дерек – адам ақыл-ойының шындыққа айналған жемісі» (Лаппо-Данилевский, 1910: 365) деп атап көрсеткен. Сондықтан, тарих ғылымындағы пәнаралық тоғысындағы зерттеу әдістерін қолдану тарихи сананы жаңалауда жаңа мүмкіндіктерге жол

ашады. Мұндай пәнаралық өзара әрекеттестік нәтижесінде қалыптасқан психология белгілі бір дәуірге тән адамдардың тарихи-психологиялық тұрпатын бейнелейді, сондай-ақ тарих деп аталатын ерекше мәдени макрокезең аясында адамның ой-санасы мен болмысын зерттеуді қамтиды (Шкуратов, 1977: 15). Отан тарихындағы макрокезең болып саналатын саяси қуғын-сүргін тарихы адамдардың жаңа тарихи-психологиялық тұрпатын қалыптастырды десек, онда осы құбылыстың сырын ашуда құпия хаттар — домалақ арыздардың саяси қуғын-сүргінді іске асыру тетігі ретінде ғана емес, сонымен бірге кеңестік қоғам қалыптастырған саяси құндылықтарды бойына сіңірген жаңа тұрпатты адамдар тобының қалай тәрбиеленгендігінің ақиқатына да көз жеткізетін боламыз.

Тарихи ақпарат әрдайым тарихшыдан тәуелсіз түрде өмір сүреді. Мұндай деректерді зерттеу барысында олардың ішкі мазмұны мен жинақталған білім жүйесі ескерілуі тиіс. Тарихи ақпарат зерттеулердің нәтижелерін тарихи танымға ұсынумен бірге оны түсіндірудің негізі болып табылады және кез келген жаңаланған тарихи білімнің іргетасын құрайды. Осыған сәйкес, тарихи деректердің екі түрлі маңызын ажыратуға болады: тарихи ақпарат ретіндегі деректер және тарихи деп саналатын ақпараттың өзі. Тарихи ақпарат дегеніміз – адамзат қоғамының тарихын тануға мүмкіндік беретін, тарихшының ғылыми қызметіне негіз болатын тарихи мәліметтер мен құбылыстар (Историческая наука, 1986: 153) болса, біздің зерттеу нысанымызға айналып отырған «домалақ арыз» жанрындағы деректер маңызы жағынан тарихи құжат сипатына ие болады.

Талқылау

Өткен ғасырдың 20–30 жылдарындағы тоталитарлық биліктің реформалары салдарларының арасында биліктің қысымынан туған жерін тастап, Кеңес Одағының өзге аймақтары мен шетелдерге ауа көшушілердің мәселесі де ерекше орын алады. Осы мәселеге байланысты М. Қозыбаев тәуелсіздік қарсаңында (1991 жылғы 3 қыркүйекте) «бұл миграциялық процестердің ізгілік, адамгершілік жақтарына дұрыс баға беріп, одан туған қиыншылықтардың, әділетсіздіктердің де бетін аша білуіміз керек» (Қозыбаев, 1998: 221) деген тұжырым жасаған. Академик тарихшының бұл тұжырымы тәуелсіздік барысында тақырыпқа қатысты жүргізілген зерттеулерге методологиялық бағдар болды.

Оның зерттеулерінде аталған кезеңде елімізде 372 көтеріліс болып, оларға 80 мыңға жуық адам қатысқандығы айтылып, 1930 жылдың басынан 1931 жылдың ортасына дейін 281 230 шаруа қожалығы мәжбүрлі түрде ауа көшіп кеткендігі айтылған (Қозыбаев, 1998: 243).

Қазіргі кезде мәжбүрлі ауа көшушілердің болжамды саны нақтылануда (Омарбеков, 1997: 257). Соңғы жылдардағы зерттеулерде мәжбүрлі ауа көшушілердің болжамды саны нақтылануда.

Тоталитарлық биліктің қуғын-сүргін саясатымен мәжбүрлі түрде ауа көшудің себеп, салдарлары мәселесі М.Қ. Қозыбаев, Ж.Б. Әбілғожин, Қ.С. Алдажұмановтардың зерттеулерінде қарастырылды (Қозыбаев және т. б., 1992). Ал М. Тәтімов мәселеге тарихи демографиялық тұрғыда талдау жасап, ауа көшушілердің болжамды санын нақтылауға қатысты тұжырымдар жасады (Татимов, 1990). Т. Омарбеков тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ауа көшуге ықпал етуші басты факторлардың біріне айналған кеңестік билікке қарсы шаруалар көтерілістері жөнінде тың архивтік деректерді ғылыми айналымға ұсынып, мәселенің қуғын-сүргіндік сипатына баса мән берді (Омарбеков, 1994), (Омарбеков, 2018).

Саяси қуғын-сүргін салдарынан мәжбүрлі түрде ауа көшушілер мәселесінің демографиялық мәліметтерін арнайы қарастырған зерттеулерде (Талдыбаев, 2016) аталған категорияның болжамды санын анықтауға қатысты деректер айналымға ұсынылды. Мәселені ашаршылық босқындары тұрғысынан қарастырған зерттеулердің қатарында Р. Байдалы (Байдалы, 2020), Ө.И. Исеновтердің (Исенов, 2020) еңбектерінде құпиясыздандырылған архив қорларының деректері айналымға ұсынылып, аталған категория өкілдері де саяси қуғын-сүргін құрбандары қатарында аталады. Ал мәселені қазақ жеріне Кеңес Одағы аумағынан алып келінген арнайы қоныстанушылардың тағдырымен салыстыра қарастырған зерттеулерде (Көкебаева, 2026) аталған категориялар өкілдерінің құқықтық қорғалуы туралы деректер

талданады. Қазақ жерінен мәжбүрлі ауа көшу стихиялы түрде болды десек, НКВД органдары арнайы қоныстандыруды жоспарлы түрде жүргізген.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бағдарламасы бойынша мемлекеттік комиссияның жүргізген кешенді және бағдарлы ғылыми іздестіру жұмыстары барысында қалыптасқан орасан зор көлемдегі деректік корпусты тиянақты және жан-жақты талдап, бағалау қажет. Біздің пәнаралық зерттеулер тоғысында ұсынып отырған зерттеуімізде тарих психологиясының тәсілдерін қолдану арқылы саяси қуғын-сүргін құбылысын жаңа қырынан тануға бағытталуы отандық зерттеуде жаңалық болып саналады.

Нәтижелер

Жергілікті халықтың туған жерінен мәжбүрлі түрде өзге аймақтарға ауа көшуінің ең басты себебі тап күресі идеологиясына негізделген қуғындау саясаты екені белгілі. Солай дегенмен, зерттеу барысында әрбір әрекетке түрткі болатын жекелеген факторлардың да маңызды рөл атқаратындығы ескерілуі керек. Сондай басты факторлардың бірі ретінде ауа көшушілердің әлеуметтік психологиясына ықпал еткен ертеңгі күнгі қауіпсіздігіне деген жаппай сенімсіздік болатын.

Саяси құндылыққа айналған «домалақ арыз» жазуға тұрғындарды қандай мүдде итермеледі?» деген сауалға жауап бере кетуге тура келеді. Кеңестік биліктің идеологиясы таптық төзімсіздік әрекетін қуаттап отырды, соған сай ол күнделікті өмір тәжірибесіне еніп кетті. Адамдардан өзгелердің кеңестік билікке қарсы кез келген күдікті әрекеті туралы тиісті органдарға хабарлап отыру талап етілді. Осы мақсатта әр ұжымда билік құрылымдарына тиісті мәліметтер берумен кәсіби тұрғыда айналысатын адамдар тобы пайда болды. Ол қызметті кез келген адам атқаруы мүмкін еді. Ол жай ғана көршің немесе жолдасың, туысың болуы ғажап емес. Бұндай жұмыстарды билікпен жақындасуды мақсат тұтқан немесе өзі де әйтеуір бір билік тұтқасын иемденуге дәмелі мансапқұмарлардың атқаруы да мүмкін еді.

Академиялық сөздіктерде құпия хаттарға билік органдарына жолданатын жазбаша немесе ауызша хабарламалар (Даль, 2004: 264–265) деген қысқа ғана анықтама беріледі. Нақты тарихи жағдайда оның атқарған қызметін терең талдау үшін ұғымның анықтамасын кеңірек тарқату қажет болады. «Донос» ұғымы мақсаты мен мазмұнына қарай бірнеше мағынада қолданылады: біреуді негізсіз айыптап, қаралау мағынасында «жала»; ресми түрде біреудің үстінен шағымдану мағынасында «арыз»; жалпы мағынадағы хабарлау, наразылық білдіру түрінде «шағым»; біреуді әшкерелеу түрінде «көрсетпе» мағыналарында қолданылады. Кейде «жасырын арыз» түрінде де қолданылған. «Жасырын» дегенде арызданушының атының көрсетілуі немесе көрсетілмеуі маңызды емес, маңыздысы ол арыздың біреуді әшкерелеу, айыптауға негізделген мазмұны. Біз зерттеуімізде құпия хаттарды (донос) әлдебіреуді әшкерелеу мақсатында жазылған шағым мағынасында қазақы ұғымға сай келетін «домалақ арыз» түрінде қолданғанды қолай көреміз. Өйткені ел арасында осы ұғым кең қолданылған.

Кеңестік кезеңдегі қылмыстық сипаттағы құпия хаттар – бұл құзырлы органдарға немесе лауазымды тұлғаларға жасалған не жасалуы мүмкін қылмыс туралы шындыққа сәйкес келмейтін ақпарат беру арқылы қылмыстық іс қозғауға негіз болатын әрекет. Мұндай іс-әрекет үшін Қылмыстық кодексте арнайы жауапкершілік қарастырылған. Құпия хабарлау (донос) құзырлы органдар немесе лауазымды тұлғалар тарапынан қабылданған сәттен бастап қылмыстық әрекет ретінде танылады (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 2014).

Қылмыстың ауырлататын белгілері де бар: аса қауіпті мемлекеттік немесе ауыр қылмыс бойынша жалған айып тағу; айыптауды негіздеу үшін дәлелдерді қолдан жасау (яғни жалған құжаттар ұсыну); пайдакүнемдік мақсаттардың болуы (яғни айыпталушының мүлкін иелену ниеті) (Юридический энциклопедический..., 1984: 94). Кәмпескеден кейінгі кезеңде жаппай өріс алған домалақ арыз жазушылардың барлығы дерлік осындай мотивтерді басшылыққа алғандығын ескерсек, олардың барлығын да мәжбүрлі ауа көшу мен ашаршылық босқыншылығы үшін айыпты деп санауға болады.

Құпия хат – домалақ арыз жазу қандай қоғамда болса да мәдени-рухани құндылықтардың деградациялануы түрінде қылмыстық сипат алғандықтан қандай мақсат көздесе де, қандай сипатта болса да қылмыстық әрекет болып табылады. Кеңес республикаларының қылмыстық кодекстерінде жала жабу және айыптаудан бас тарту үшін жазалауды көздейтін баптар болған (Уголовный кодекс, 1927: 161–162). Архивтік деректерде кездесетін домалақ арыз жазушылардың тиісті жазасын алғандығы арнайы қарастыруды қажет етеді.

Мұндай қылмыстық әрекетті таптық күрестің бір түрі ретінде ынталандыру тоталитарлық қоғам үшін қажеттілікке айналды. Солай дегенмен домалақ арыз құбылысы ұлттық емес, таптық-саяси сипатқа ие екендігін ашып айтамыз. Оның саяси және әлеуметтік негізі қоғам мүшелерінің еркіндігі шектелген тоталитарлық биліктің идеологиялық мақсатынан туындайды. Мысалы, Осман империясының билеушісі, автократиялық әрекеттері үшін «зұлым» атанған Абдулхамид тұсында шындыққа жанаспайтын мәліметтердің құпия хат ретінде жеткізілуі кең етек алды; қоғамдағы азғын әрі жағымпаз адамдар өздерінің пайдакүнемдік мақсаттары үшін сұлтанға құпия хаттар жазған (Желтяков, 1972: 176). Біздің зерттеуіміздің нысаны кеңестік биліктің саяси қуғын-сүргін саясаты, пәні қазақ жеріндегі мәжбүрлі ауа көшудің тарихи психологиясы болғандықтан өзге елдердің тарихында орын алған домалақ арыз құбылысының дәйектерін салыстырмалы түрде қолданып отырмыз. Бұндай мысалдар өзге мемлекеттердің тарихында да кездеседі. Мысалы, ресейлік тарихшылар осы сипаттағы жазбаларды «Письмо к царю», «Письмо к Сталину» деп жанрға бөліп қарастырады (Суровцева, 2011). Бұл жанрда жазылған қазақ зиялыларының да жазбалары аз емес, олардың арасында домалақ арыз түріндегі жазбалар кездеседі.

Тоталитарлық қоғамда домалақ арыз жазу саяси сипат алды. Содан да саяси жүйе дамыған сайын домалақ арыз жазу өзінің қылмыстық сипатын жоғалтып, қоғамдағы саяси мәдениеттің бір бөлігіне айналып, күнделікті тұрмысқа еніп кетті. Қазақстандағы «Кіші қазан» саяси доктринасының бастауы болған 1928 жылғы байлардың шаруашылығын кәмпескелеу науқанынан кейінгі кезде ел ішіндегі қоғамдық-әлеуметтік ахуал күрт саясилана бастады да домалақ арыз жазу таптық күрестің «тиімді» тәсіліне айналып шыға келді.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша жүргізілген мемлекеттік бағдарлама аясында бірқатар архивтердің құпия қорларымен танысуға мүмкіндік алдық. Осы іздестіру барысында қолға іліккен «домалақ арыз» жанрында дайындалған мына құжатты тарихи-психологиялық тәсілмен талдап көрейік.

«Еңбекші қазақ» газетіне» деп аталған құжат (ТОМА. 74 қ. 1 т. 169 іс. 8–12 пп.) «Сырдария округі Жаңақорған ауданында байлардың малын кәмпескелеу, өздерін жер аудару науқаны жүріп жатыр» деген мәліметіне қарағанда 1928 жылдың соңында жазылған.

Осы кезге дейін Қазаткомның қаулысы бойынша Жаңақорған ауданынан Ізеев Бидаш (Бидалы), Тұрсынбаев Жәнібек, Арқабаев Әліп, Толқынбаевтар ірі байлар категориясы бойынша, Аралбаев Жантөре саяси сенімсіздер категориясымен мал-мүлкі кәмпескеленіп, Орал округіне жер аударылған.

Домалақ арыз авторы «Осылардан басқа Жаңақорғанның қансорғыш ірі байлары таусылды деуге бола ма? Жаңақорғанда ірі бекзадалар тұқымы осы уақытқа дейін елді бүлдіріп келген» деп, олардың кәмпескеленбей қалғандығына «біз сияқты оқушылар наразылық білдіреді» деп Сырдария округтік партия-кеңес мектебінің оқушысы жазады. Жаңа үлгідегі билеуші тап — партиялық-мемлекеттік номенклатура дайындайтын саяси оқу орны оқушысы үшін таптық төзімсіздік пен қырағылық сияқты саяси құндылықтардың басты бағдарда болғаны аңғарылады. Осы құндылықтық бағдарды басшылыққа алған автор өз ауданындағы кәмпеске науқанына ілінбеген «тап жаулары» туралы мәліметтерді егжей-тегжейлі жазады. Оның айтуынша, Жаңақорғандағы ел еңбекшілерінің дұшпаны мыналар:

1-ауылдан: Мәме Қарабайұлы (9 жыл болыс болған); Мүстіяр Құдиярұлы (Құдияр өлгенінше болыс болған, Мүстіяр 6 жыл болыс болған); Әбдіуәли (8 жыл би болған); Қалқан

— 600-ден аса қойы, 100-ден аса ірі қарасы, бірнеше көмбелері бар; Көбейұлы; Қожай Бұрқанұлы Қалқаннан асқан бай. Бұлар осы уақытқа шейін 1-ауылды бүлдірумен келген.

2-ауылдан: Бес жыл би болған Омар Байбатырұлы; Батырбек бірнеше жыл болыс болған. Баласы Рүстем ескі тілмаш, Қырғызәлі, Алти дейтін екі атаның халқын бір-біріне азғырушы; Шегір Сауранбайұлы, Тақырбас Өмірұлы.

3-ауылдан: Нәлібай ұлдары. 1927 жылы Нәлібай өлгенде 3000-нан аса халыққа сегіз атпен жүріп, ақша шашқан. Әр атаның баласына 2 қара малдан берген. Шаймерден Абылайұлы — Жаңақорғанды бір қамшымен айдаған; Түкібай Кешубайұлы. Кешубай өлгенінше болыс болған. Түкібай Николай көзі құрығанша би болған, Жантөренің үзеңгі жолдасы.

4-ауылдан: Мәмбет. Бірнеше жалшысы бар үлкен бай. 4-ауылдың бетке тұтары.

5-ауылдан: Дүйсе Үсембайұлы; Мамыш Кенжебайұлы; Құттыбек Тілеубергенұлы. Бұлар 5-ауылдың тап дұшпаны, қансорғыш. Әрқайсысы бірнеше жылдан болыс, би болған азаматтар.

6-ауылдан: Әбдіқадір Телқожаұлы — атқамінер, бай саудагер, төрт аяғын тең басқан жорға; Ахмет Күнтуарұлы — Жантөренің үзеңгі жолдасы. Ауыл кедейлеріне ықпалын қатты жүргізген.

7-ауылдан: Шәмші мағзым — ишан, 7-ауылды бүлдіруші. Халықтың басын айналдырып, азғырушы ишан; Жүніс молда — 1926–1927 жылы Шәмші мағзым екеуі «Сортөбе» мешітіне таласып, ауыл халқын бүлдірген. Халықты дін жолына азғырушы; Әбіш Жақұдаұлы — 18 жасынан атқа мінген, бірнеше жыл Өзгент болысына ағалық еткен қауіпті атқамінер. Жантөремен өлгенінше табақтас болған. Қадірі Жантөреден кейін емес. 7-ауыл шығыршыларының дұшпаны. Бұлар кәмпескеден қалып отыр.

8-ауылдан: Серікұл Алдабергенұлы өзгеріс уақытында атылатын болғандықтан Қызылқұмға қашып кеткен, Гержоттың үзеңгі жолдасы. Төменарық болысын бір қамшымен айдаған. Өзі үлкен оқымысты. Ісі ескіріп кеткен соң 1924 жылы Жаңақорғанға келген; Абат Нәлібайұлы — бекзаданың тұқымы. 5 жыл болыс, 4 жыл би болған. Олардан ел еңбекшілері сақтанып отырады.

9-ауылдан: бұл ауыл ылғи кедей.

10-ауылдан: Әлімбет, Құлымбет — ағайынды екеуі бірінен соң бірі болыс болған. Мал осыларда.

11-ауылдан: Әшірбек Арқабайұлы — кәмпескеге алынып отырған ағасы Әліптің малынан малы көп.

12-ауылдан: Жолдасбек Сүйіндікұлы — бай, Николай заманында бірнеше жыл болыс, би, ауылнай болған азамат.

13-ауылдан: Нұржан Іргебайұлы — 20 жыл би болған. Екі адамның басы қосылған жерде Кеңес үкіметін жамандап, халықты теріс азғырып жүреді (ТОМА. 74 қ. 1 т. 169 іс. 12 п.).

Осы мәліметтерді жаза отырып, аталған 29 адамның жер аударылуын ұсынады. «Осыларды осы төңкерісте арамыздан жойсақ, аз да болса, ұлтымыз ел еңбекшілеріне бір қадам жақындап, күннен-күнге өркендеп, халықтың салт-санасы көтерілмек» деп аяқтаған авторлар «Сырдария округтік кеңестің партия мектебі оқушысы Пәзіл Шәуенұлы, бюро хатшысы Баймұхаммедұлы» (ТОМА. 74 қ. 1 т. 169 іс, 12 п.) деп домалақ арызға қол қояды.

Ал аудандық кәмпеске комиссиясының «құлағына» ауданның 2-ауылының азаматы «Николай заманында болыс, би болған, патшаға туысқандарымен жаққан, бірнеше жылдай сайлауға таласқан» Рүстем Батырбекұлының үстінен арнайы жазылған домалақ арызға қол қоюшы өзін жарнамаламау мақсатында «Комсомол» деген лақап атты қолданған (ТОМА. 74 қ. 1 т. 183 іс. 66 п.).

Осы жазбалардағы көрсетілген мәліметтердің ақиқаттылығы тексеруді қажет етеді. Әдетте, таптық қырағылық пен төзімсіздікке берілген домалақ арыз жазушы айтып отырған мәліметтерінің неғұрлым сенімді болып шығуы үшін оның бояуын қоюлата түсуге бейім болады. Содан да оның ұсынған мәліметтерінің арасында қисынға кереғар, шындықтан алшақ мәліметтер кездеседі. Айталық, бір ауданның төңірегінде бірнеше ғана болыс болса, арызданушы айыпталушылардың барлығын дерлік болыс болған деп көрсетеді.

Құқықтық құрылымдар домалақ арызды ел ішіндегі саяси-әлеуметтік тартысты бақылаудың құралына айналдырған. Олар домалақ арыздарды көрсетілген «сенімсіз» адамдарға қысым жасап, оларды тұтқынға алып, тергеп-тексеруге пайдаланды. Сондықтан да домалақ арыз тұрғындардың әрекетін бақылау мен оларды үнемі қорқынышта ұстаудың тетігі ретінде қолданылды. Осындай мақсатты әрекеттер ел ішінде билікке ғана емес, адамдардың бір-біріне деген сенімсіздік көңіл-күйін қалыптастырды.

Осы мәселеге қатысты дәйектер аз емес. Айталық, жоғарыдағы домалақ арызда есімі аталатын болыс Жантөре Аралбаевтың атқосшысы болған Молжан ақсақалдың естелігінде өзінің ауа көшуге қалай дайындалғаны баяндалады. Ол 1930 жылы Жаңақорғанның Байкенже деген жерінен ауа көшкен. «Әркіммен жеке-жеке сөйлесіп, уағдаласып, қашып көшудің қамына кірістік. Тек екі адам ғана сөйлесеміз, үш адам болса, біреуі сатып жібереді» (Мемлекеттік террор..., 2022: 319) дегенді айтады. Бұл дерек сенімсіздіктің кең таралғандығын айғақтайды.

Естеліктерде ауа көшудің әдіс-тәсілдері туралы мәліметтерді де кездестіреміз. «Көшеміз дегендеріне ең кемі үш түйе, бір ат болуы керек, одан көп болса ешнәрсе етпейді. Бір түйеге жаңа пісіп келе жатқан шикі қауын, бір түйеге қатын, бала-шағасын, үшіншісіне керекті төсек жайманы арту керек деп тапсырылды. Уағдаласқан күні кешкісін, ел орынға отыра 50–60 үй шамасында Өзбекстан қайдасың деп қаша көштік. Сол кеткеннен тоқтамай суыт жүріп, бір жарым сөтке жүрдік. 4–5 салт атты көштің алдында, жол кезіп, құдық іздеп отырамыз. Баяғы бір қойшымен бір отар қойды Бұхараға айдап сатып қайтқаным бар. Оған 20 жылдан аса уақыт өткен. Сол жолдың нобайына салып келемін. Біздің қашып көшкенімізді ертеңіне түс ауа естіген белсенділер бір сөткедей атпен, ізбен қуған, ол кезде біз ысылдаған Қызылдың құмына кіріп кеткеміз. Аттары суға шыдамай, өздері де шөлден өліп қала жаздап қайтқан ғой» (Мемлекеттік террор..., 2022: 320).

Белгілі бір тарихи кезеңдерде мемлекет домалақ арыз жазушыларды немесе айтушыларды (ол ғылыми танымда ерікті ақпарат берушілер деп аталды) қолдады, олардың әрекеттерін өзгелерге үлгі етті. Оған мысал ретінде әкесін айыптаған Павлик Морозовтың әрекеті одақтық пионер ұйымының тәрбие жүйесінде идеалға айналды. Осы саяси әрекет қазақ пионер ұйымдарында дәріптелген Батыр бала Болатбектің мысалы Жаңақорған ауданында Бақтияр Ержігітов бейнесінде көрініс тапты.

Ғылыми тұрғыда домалақ арыз – көп қырлы құбылыс және ол әлеуметтік қатынастардың әртүрлі қырларынан құралады. Осы мәселені В.А. Нехамкин (Нехамкин, 2014: 65–66) ақпараттық, психологиялық, этикалық, мотивациялық, отбасылық деп жіктейді. Әрине, ол белгілердің бәрі саяси қуғын-сүргін саясатын іске асыру барысында көрініс тауып жатты.

Домалақ арыз жазушыларға құқық қорғау органдарына тікелей жүгінудің қажеті жоқ болатын. Олай дейтініміз, саяси қуғын-сүргін әрекетін тікелей іске асырушы НКВД мен партия, комсомол, кеңес және басқа да қоғамдық-саяси ұйымдар мен «билік органдары» белсенді түрде ынтымақтастықта болған. Олардың түрлі жиындары көбіне жеке тұлғаны немесе адамдар тобын қуғындауға негіз болатын жария әшкерелеу ақпараттарын хаттап отырды. Сондай жиындардың қатарында аудандық, округтік кәмпеске комиссияларының мәжілістерін айтамыз. Ол мәжілістердің хаттамаларының мәліметтерін тарих психологиясы тұрғысында талдағанда домалақ арыз жазушылардың тарихи-психологиялық тұрпаты анық танылады. Бұл нәтиже зерттеушілерге қоғамдағы саяси биліктің осы домалақ арыз жазу үдерісін қалай қолдап отырғандығымен бірге дәстүрлі мәдени-рухани құндылықтардың саясиландырылу динамикасын да тануға мүмкіндік береді.

Осы кезеңдегі тұрғындардың саяси-әлеуметтік жіктелуі күнделікті тұрмыста қолданысқа енген жаңа саяси терминдер мен ұғымдардан да көрініс тапты. Мысал ретінде байларды кәмпескелеуге қатысты «бай талау» (дәстүрлі қоғамдағы «хан талау» ұғымы сияқты), сайлау, сайлану құқығынан айырылғандарға қатысты «жеке тұр», «қара тақта», ел ішіндегі билік активистеріне қатысты «белсенді», «шолақ белсенді» ұғымдарын атаймыз. Осылардың арасында өзгелерді жасаған-жасамаған қылмыстары үшін айыптауда барынша көзге түскен «шолақ белсенділер» колхозшылар, жұмысшылар, зиялылар, мектептер мен курстардың

оқушылары болуы мүмкін. Шолақ белсенділер ұлтқа бөлінбейді. Ол барлық ұлттардың арасында кездеседі. Бұл жердегі мәселе деформацияланған дәстүрлі адамгершілік-этикалық құндылықтардан бастау алатын олардың саяси көзқарастарынан туындайды. Кім таптық төзімсіздікті өзінің өмірлік әрекетінің ұстанымы етіп алса, ол өзінің жеке бас мүддесін қоғамдық-саяси талаптармен ұштастырып, қып-қызыл белсенді болып шыға келетін еді. Билік осы тұрпаттағы адамдардың әрекетін қолдауы арқылы оларды жаңа әрекеттерге ынталандыратын.

Осындай домалақ арыздың негізінде 10 жылға сотталып, жазасын Хабаровск өлкесінде өтеп қайтқандардың бірі Жаңақорған ауданы Ленин колхозының колхозшысы Тамғабаев Әжібек болатын. Ол үзеңгі жолдасымен сөзге келіп қалып, «сенген құдайың коммунистік партия болса, айта бар» деп партия мен үкіметті балағаттап жібереді. Осы сөзі үшін жазаға тартылады (АҚПДА. 1795-іс, 122 п.) Әрине, Қылмыстық кодексте балағаттағаны үшін деген бап болмағанымен оны «Кеңес өкіметі адамдарды қашанғы қинайды? Қымбатбекованың күйеуін колхозда жұмыс істемейсің деп жер аударып еді, ал өзін емшектегі баласымен ауыр жұмыстар істеуге мәжбүрлеп отыр» (АҚПДА. 1795-іс. 126 п.) деген сөздері үшін кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізді деп айыптауға жетіп жатыр еді.

Босқындар мәселесіне 1921 жылы Ұлттар Лигасы назар аударып, оларға құқықтық қорғалу құқығымен және саяси мәртебе беруге халықаралық келісім жасалған. 52 ел мақұлдаған «Нансен төлқұжаты» деп аталған бұл келісімге Кеңес Одағы қосылмаған. Ауакөшушілердің барған елдерінде алдарынан шыққан ең басты қолайсыздықтарының бірі – олардың жеке бастарын куәлендіретін құжаттарының болмауы еді. Ауакөшушілердің «үйсіз, азаматтықсыз және өздерін керексіз сезінуі олардың әлеуметтік және психологиялық қиындықтарды бастан өткеруіне» (Лавник, 2012: 276) негіз болды. Кеңестік қоғамда паспорттау жүйесі енгізілмеген кезде ауыл тұрғындары билік органдарының анықтамасын пайдаланған. Бәріне бірдей беріле бермеген ондай құжаттардың болмауы босқындардың жаңа жерлерде еркін жүріп-тұруына, жұмысқа орналасуына, құқықтық қорғалуына басты кедергіге айналған.

Тәжікстан аумағындағы мәжбүрлі ауа көшушілер осы мәселемен бетпе-бет келген. Айталық, Тәжік АКСР Халкомкеңесінің төрағасы Абдраим Хаджибаев 1931 жылы Қорғантабе қаласында 50 шақты қазақ керуенбасыларымен кездеседі. Жиында А. Хаджибаев «Сіздердің араларыңызда бұрынғы бай-кулактар да болуы мүмкін. Біз ауа көшушілерді тапқа бөлмейміз, ешкімді қудаламаймыз» деп, жақында Қазақстаннан ауа көшушілерді қайтаруға уәкіл келгендігін, оның өтінішін орындаудан бас тартқандығын, бірақ ол өз бетінше әрекет жасағысы келген соң үш күнге қаматып қойғандығын, қамаудан босаған соң алды-артына қарамай шұғыл түрде Қазақстанға қайтып кеткендігін айтады. Ол «Біздің мемлекетке түйелер алдағы 30 жыл бойы керек болады. Мен сендердің қылмыстарыңның бар екендігін білемін, бірақ араларыңда бұрынғы Николай патша болса да сендерді ешкімге қуғындатпаймын» (Мемлекеттік террор..., 132) деп ауызша кепілдік берген.

Кейінгі бір кездескендерінде қазақ керуенбасыларының басшысы Серікұл Алдабергенов «осындағы бәріміз де қашқындармыз, осында тұруға ешқандай құжатымыз жоқ» деп көмек сұраған. Нәтижесінде үкімет басшысы Одақтық Союзтранс мекемесі Тәжік бөлімі арқылы барлық ауа көшушілерге Тәжікстанда тұруға жарамды жеке куәлік бергізген (АҚПДА. 15446-іс, 104 п.). Өкінішке орай, республика үкіметі басшысының босқындардың қауіпсіздігін қамтамасыз еткен ауызша кепілдемесі құқықтық тұрғыда негізделмеген еді. Содан да 1933 жылдың жазында жазалау органдарының Тәжікстаннан Серікұл Алдабергенов пен Сәруар ишан Ибадуллаев бастаған жүзге жуық керуенбасын тұтқындап, Шымкент қаласына алып кетуіне жергілікті билік кедергі жасай алмады. Демек, Орталық Азия республикаларына ауакөшіп барғандардың құқықтарының қорғалуы сөз жүзінде қалған. Осы ахуал олардың барған елдерінде түрлі әлеуметтік және психологиялық қолайсыздықты бастан кешуіне негіз болған.

Тарихи оқиғалар мен саяси құбылыстарға сай домалақ арыздарда қолданылатын айыптаулардың да мазмұны өзгеріп, толығып отырды. Айталық, кәмпеске науқанында «малын

есептен жасырды», «байлармен ауыз жаласты», «шыққан тегін жасырды», «жалшы ұстаған» деген айыптармен қатар таптық төзімсіздікпен оларды «қансорғыш», «жуан тұқым», «болыс болған», «патшаның атқамінері», «тілмаш» деп атады. 1930 жылдың ақпанындағы Созақ көтерілісінен кейін домалақ арыз жанрындағы жазбаларда «бандиттерге көмектескен», «Аллаху көтерілісіне қатысқан» деген айыптаулар жиі қолданылса, ұжымдастыруға қатысты «колхозға кіргісі келмеді», «колхоз мүлкін талан-таражға салды», «ескі өмірді аңсайды» деген айыптаулар жиі қолданылған. Дін өкілдері мен ишан, қожа, молдаларға қатысты «кеңеске қарсы насихат жүргізді», «кеңес өкіметін жамандап уағыз айтты», «халықты колхозға кірмеуге үгіттеді» деген шағымдар жазылды. 1930 жылғы Созақ көтерілісінен соң ауданның 1-ауылындағы жиын барысында хатталып, қағаз бетіне көгендей тізілген, сайлау еркі жойылған бай-кулактар мен молда-ишан, саудагерлердің тізіміне байыппен қарайық. Ұзын саны 71 адамнан тұратын бұл айыптауға ауылдық кеңес төрағасы қол қойып, хатшысы қоса куәландырыпты (ТОҚСТМА. 3 қ. 1 т. 21 іс. 39–44 пп.). Саяси себептермен адамдарды дәлелсіз айыптауды заңдастырудың көрінісі болған бұл құжат тұрғындар арасында қалыптасқан қолайсыз саяси-психологиялық ахуалдан хабар береді. Ол ахуал тұрғындардың биліктің әділ шешіміне, өз құқықтарының қорғалуына және ертеңгі күнінің қауіпсіздігіне деген сенімсіздігі, өз тағдырына бас иген шарасыздығы түрінде көрініс берген. Бұл шарасыздық тек қарапайым тұрғындармен ғана шектеліп қалмай, ел ішіндегі билікке араласқан зиялыларды да қамтыды. Айталық, партиялық тазалау науқанында Сырдария округінің партиялық бақылау комиссиясына Қызылқұм ауданынан Ахмет Момынбекұлы аудандағы саяси ахуалға қатысты 1930 жылы 2 ақпанда ауқымды мәлімет береді. Оның жазуында ауданның беткеұстар азаматы Әбутәліп Омарұлы Қызылқұм ауданынан жер аударылған жікшіл 13 адамның ішіндегі жікте болған. Оған: «Кеңес ісін істеудің орнына байлардың сойылын соғып, құқығы жойылғандардың құқығын беріп, жеке тұрда салықтан байларды құтқарып отырған. Кәмпескеленген Ақай Жанкөбек байдың Мінән атты әйелін қарындасым деп алып қалған. Байлар табының мұңын мұңдап, жікшілдікке салынған бояма коммунистің көзін құрту керек» (ТОҚСТМА. 31 қ. 1 т. 78 іс. 65–67 пп.) деген айыптаулардан құқықтық тұрғыда басын арашалап алу өте қиын шаруаға айналды. Мұндай айыптауға ілінген тұлға үшін биліктің құрығынан құтылатын бірден-бір жол — өзге аймақтарға ауа көшіп, бой тасалау болды.

Осы кезеңде домалақ арыздарда әкесімен еншісі бір болған, бай-кулактың қызын алған, шынжыр балақ байлармен байланысын үзбеген, тап жауларымен ашық ауыз жаласқан, колхоз жұмысына қырын қараған, жаңа қоғамды жатсынған, кісі күшін пайдаланған, есігінен жалшы үзілмеген, қызын қалыңмалға сатқан деген айыптаулар жиі қолданылды. Құқықтық органдар саяси мәні бар ондай айыптаулардың ақ-қарасын тексеріп жатпады. Саяси терминологияға енген бұндай айыптаулар кез келген адамға қатысты қолданылуы мүмкін еді және одан әрі НКВД органдарының тарапынан қылмыстық іс қозғауға негіз болатын. Бұндай жағдай тұрғындардың арасында кеңестік биліктің саясатына «самарқау қарсылық» ретінде бас сауғалап, өздерін туған жерін тастап, ауа көшуге психологиялық тұрғыда дайындаған ахуал қалыптастырды.

Мәжбүрлі ауа көшушілердің барған жерлеріне орнығу, бейімделуінің де әлеуметтік-психологиялық қиындықтары да болды. Саяси, құқықтық тұрғыда қорғансыз қалған елдің ұлттық бірегейлігін сақтап қалу түрінде жаңа проблемалар алдынан шықты. Дәстүрлі мекені мен шаруашылық салтынан қол үзген босқындар жаңа қоғамдық-саяси ортада қысым көріп, тілдік, мәдени, салт-дәстүрлік тұрғыда оқшаулануға мәжбүр болды. Сол үшін де Тәжікстанға қоныстанған мәжбүрлі ауа көшушілер барған жерлерінде рулық құрылымын сақтап, туыстық байланыстарын үзбеген, туыстық белгілеріне қарай қауымдасып өмір сүрген. «Жағдай түзелсе елге қайтамыз» деген үмітпен өзге ұлттармен қыз алысып, қыз беріспеді. Ұлттық салт-дәстүрі мен өнерін сақтауға тырысты. Кірекештік ауа көшушілердің басты кәсібіне айналды. Өзбекстан, Тәжікстанда жүк тасып, кірекеш болған Молжан ақсақалдың «Түнде керуен жүріп отырады. Түйе үстінде қалғып-мүлгіп таңды атырамыз. Әбілхан ініміз түнде жолда келе жатып, зарлатып неше мақамға салып сыбызғы тартады. Бала-шағаны, өткен өмірдің

қиыншылықтарын еске түсіретін сыбызғының мұңлы зарын естіп, түйенің үстінде отырып жылаймыз, ақырында «тоқтат» деп айқайлаймыз. Бір уақыттар болғанда Әбілхан, айналайын, ойнашы деп жалынамыз. Ол да көп жалындыра қоймайды. Зар дауысқа салып еңіретеді сыбызғыны» (Мемлекеттік террор...; 135) деген деректері архивтік құжаттар мәліметтеріне «жан бітіріп», ұлттың генофондын сақтап қалған ауа көшу құбылысының психологиялық қабаттарын аша түседі.

Қорытынды

Саяси қуғын-сүргіннен бас сауғалағандардың бастан өткізген саяси, құқықтық және қаржылық қысымы олардың күнделікті тұрмысын қиындатып қана қоймай, моральдық-психологиялық тұрғыда ауыр зардаптарға ұрындырды. Мәжбүрлі ауа көшушілердің психологиялық ахуалын қорқыныш пен үрей, болашағына деген сенімсіздік, жақындарынан айырылу қаупі сияқты сезімдер айқындаса, ауа көшу барысында не істерін білмеу, аштық пен суықтан, арып-ашудан туған күйзеліс олардың бойын билеп алды. Қоныстанған жаңа жерлерінде олардың бойындағы сезімдер туған жерді аңсау, сағыныш, жаңа жерге бейімделудің қиындығы, биліктің, жергілікті ұлттың тарапынан кездескен кемсітушілік, жаңа ортаға үйрену стрессі сияқты сезімдермен алмасты. Елге оралған ауа көшушілердің бірінші, екінші буын ұрпақтарынан соңғы жылдары естеліктер жиналды. Осы естеліктерден ауа көшу құбылысының ұзақ мерзімді қамтыған психологиялық салдарларын танимыз. Ол ең алдымен жағымсыз тұрғыда ұрпақаралық жарақат және тарихи әділетсіздік сезімі түрінде көрініс тапқан. Жағымды тұрғыда ауа көшушілер ұрпақтарының ұлттық тарихи жадының күшеюі, сын-қатерлерге қарсы тұру мен төзімділік қасиеттерінің күштілігі түрінде байқалады. Кеңестік тарихнаманың голощекиндік тезис бойынша ауа көшушілерді кеңестік биліктің реформаларынан бас сауғалап кеткен қашқындар деген айыптауының негізсіздігі бүгінгі күні басы ашық мәселе. Біз зерттеуімізде, қаншалықты күрделі болғанына қарамастан, ауа көшу құбылысы ұлттың генетикалық қорын сақтап қалған басты факторлардың бірі болды деген тұжырым жасаймыз.

Sources

- APDA — Archive of the Police Department of Almaty City.
 Fond 1795 – Indictment case of A. Tamgabayev;
 Fond 15446 – Indictment case of Kh. Khodzhiyev.
 SATR — State Archive of Turkestan Region.
 Fond 74. Syrdarya Okrug Executive Committee. File 183. Protocols and instructions on confiscation (kampske).
 SASPHTR — State Archive of Socio-Political History of Turkestan Region.
 Fond 3, Inventory 1. Communist Party of Kazakhstan, Suzak District Committee. File 21. Lists of kulaks and bais subject to fixed taxes and grain procurements;
 Fond 31, Inventory 11. Control Commission of the Syrdarya Okrug Committee of the All-Union Communist Party (Bolsheviks). File 78. Mirza Nauryzbayev.

Дереккөздер

- АҚПДА — Алматы қаласы полиция департаментінің архиві.
 1795-қор А. Тамғабаевтың айыптау ісі;
 15446-қор Х. Ходжиковтың айыптау ісі
 ТОМА — Түркістан облысының мемлекеттік архиві.
 74 қор Сырдария округтік атқару комитеті, 183-іс. Кәмпеске бойынша хаттамалар, нұсқаулықтар
 ТОҚСТМА — Түркістан облыстық қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві.
 3-қор 1-тізімдеме. Қазақстан Коммунистік партиясы Созақ аудандық комитеті. 21-іс. Тұрақты салықтар мен астық дайындауға жататын кулак-байлардың тізімдері;
 31 қор 1л-тізімдеме. БК(б)П Сырдария округтік комитетінің Бақылау комиссиясы. 78-іс Наурызбаев Мирза.

References

- Atabayev, 2000 — *Atabayev Q. Qazaq baspasozı: Qazaqstan tarikhynyn derek kozi (1870–1918 zhzh.): gylımi monografiya* (Kazakh press: a source for the history of Kazakhstan (1870–1918): scientific monograph). Almaty: Qazaq universiteti, 2000. 358 p. (In Kaz.).

Baydaly, 2020 — *Baydaly R. Zh.* 1930 zhyldardagy asharyshlyq kezindegi Orta Aziya respublikalarındagy qazaq bosqyndary (Kazakh refugees in the Central Asian republics during the famine of the 1930s). edu. e-history. kz elektrondy gylymi zhurnaly. 2020. No. 4(24). (In Kaz.).

Dal, 2004 — *Dal V. I.* Tolkovy slovar russkogo yazyka: sovremennoe napisanie (Explanatory dictionary of the Russian language: modern spelling). Moscow: AST; Astrel, 2004. 983 p. (In Russ.).

Isenov, 2020 — *Isenov O. I.* Qazaqstandagy 30-zhyldardagy asharyshlyq: qazaq khalqynyn atamekenen koshui (The famine of the 1930s in Kazakhstan: migration of the Kazakh people from their native land). edu. e-history. kz elektrondy gylymi zhurnaly. 2020. No. 4(24). (In Kaz.).

Istoricheskaya nauka, 1986 — *Istoricheskaya nauka. Voprosy metodologii* (Historical science. Issues of methodology). Moscow: Mysl, 1986. 261 p. (In Russ.).

Kokebayeva, Bisembayuly, 2026 — *Kokebayeva G. K., Bisembayuly M.* 1940 zhyldardagy Batys Belarus pen Batys Ukrainadagy mazhburly migratsiya zhane etnikalyq sayasat (Forced migration and ethnic policy in Western Belarus and Western Ukraine in the 1940s). Asian Journal "Steppe Panorama". 2026. Vol. 13. No. 1. P. 125–138. DOI: 10.51943/3135-8055_2026_13_1_125-138. (In Kaz.).

Kozybayev, 1998 — *Kozybayev M. Q.* Tarikh zerdesi (Zamana asuy). 1-kitap (Historical memory (passage of time). Book 1). Almaty: Gylym, 1998. 344 p. (In Kaz.).

Kozybayev, Abylkhozhin, Aldazhumanov, 1992 — *Kozybayev M. K., Abylkhozhin Zh. B., Aldazhumanov K. S.* Kollektivizatsiya v Kazakhstane: tragediya krestyanstva (Collectivization in Kazakhstan: the tragedy of the peasantry). Alma-Ata, 1992. 36 p. (In Russ.).

Lappo-Danilevsky, 1910 — *Lappo-Danilevsky A. S.* Metodologiya istorii (Methodology of history). Part. 1. Saint Petersburg, 1910. 414 p. (In Russ.).

Lavnik, Svoeoss, 2012 — *Lavnik I. Y., Svoeoss N.* Politicheskaya psikhologiya (Political psychology). Moscow: ROSSPEN, 2012. 359 p. (In Russ.).

Memlekettik terror, 2022 — Memlekettik terror men qugyn-surginnen tugan zherin tastap Qazaqstannan tys zherlerge (Ozbekstan, Tazhikstan) auakoshkenderdin arkhivtik quzhattary men estelikter zhinagy (Collection of archival documents and memoirs of those who left Kazakhstan for other countries (Uzbekistan, Tajikistan) due to state terror and repression). Almaty: Arys, 2022. 424 p. (In Kaz.).

Nekhamkin, 2014 — *Nekhamkin V. A.* Obvinenie kak sotsialno-psikhologicheskii fenomen (na osnove povsednevnogo opyta 1930-kh godov) (Accusation as a socio-psychological phenomenon (based on everyday experience of the 1930s)) // *Istoricheskaya psikhologiya i sotsiologiya istorii*. 2014. No. 2. (In Russ.).

Omarbekov, 1994 — *Omarbekov T.* Zobalan: (Kushtep uzhymdastyruqa qarsylyq. 1929–1931 zhyldary bolgan khalyq koterilisteri) (Disaster: resistance to forced collectivization. Popular uprisings of 1929–1931). Almaty: Sanat, 1994. 272 p. (In Kaz.).

Omarbekov, 1997 — *Omarbekov T.* 20–30 zhyldardagy Qazaqstan qasireti: komekshi oqu quraly (The tragedy of Kazakhstan in the 1920s–1930s: supplementary textbook). Almaty: Sanat, 1997. 320 p. (In Kaz.).

Omarbekov, 2018 — *Omarbekov T.* 1929–1931 zhyldardagy khalyq koterilisteri: zertteu (Popular uprisings of 1929–1931: a study). Almaty: Arys, 2018. 480 p. (In Kaz.).

Qazaqstan Respublikasynyn Qylmystyq kodeksi, 2014 — Qazaqstan Respublikasynyn Qylmystyq kodeksi. No. 226-V QRZ. 2014. 419-bap (Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. No. 226-V LRK. Article 419). Adilet aqparattyq-quqyqtyq zhuyesi (access date: 23. 05. 2026). (In Kaz.).

Shkuratov, 1977 — *Shkuratov V. A.* Istoricheskaya psikhologiya (Historical psychology). 2nd ed. Moscow, 1977. 505 p. (In Russ.).

Surovtseva, 2011 — *Surovtseva E. V.* Zhanr "pisma k tsaryu" v XIX – nachale XX veka (The genre of "letter to the tsar" in the 19th – early 20th century). Moscow: AIRO-XXI, 2011. 163 p. (In Russ.).

Taldybayev, 2016 — *Taldybayev Zh.* Qazaq khalqy: koshi-qon tarikhynyn demografiyasy (1926–1959 zhzh.) (The Kazakh people: demography of migration history (1926–1959)). edu. e-history. kz elektrondy gylymi zhurnaly. 2016. No. 1(05). (In Kaz.).

Tatimov, 1990 — *Tatimov M. B.* Demograficheskie posledstviya peregribov v kollektivizatsii: "belye pyatna" v istoricheskoi demografii Kazakhstana (Demographic consequences of excesses in collectivization: "blank spots" in the historical demography of Kazakhstan). Kollektivizatsiya selskogo khozyaistva v respublikakh Srednei Azii i Kazakhstane: opyt i problem (Collectivization of the agriculture in the republics of Central Asia and Kazakhstan: experience and problems). Alma-Ata: Gylym, 1990. 200 p. P. 108. (In Russ.).

Ugolovnyi kodeks RSFSR, 1927 — Ugolovnyi kodeks RSFSR 1926 goda (Criminal Code of the RSFSR of 1926). Moscow: Yuridicheskoe izdatelstvo NK Yu RSFSR, 1927. Art. 95, 161–162. (In Russ.).

Yuridichesky entsiklopedichesky slovar, 1984 — Yuridichesky entsiklopedichesky slovar (Legal encyclopedic dictionary) / Ed. by A. Ya. Sukharev. Moscow: Sovetskaya entsiklopediya, 1984. 415 p. (In Russ.).

Zhelytyakov, 1972 — *Zhelytyakov A. D.* Pechat v obshchestvenno-politicheskoi i kulturnoi zhizni Turtsii (1729–1908 gg.) (The press in the socio-political and cultural life of Turkey (1729–1908)). Moscow: Nauka, 1972. 320 p. (In Russ.).

Әдебиеттер

Атабаев, 2000 — *Атабаев Қ.* Қазақ баспасөзі: Қазақстан тарихының дерек көзі (1870–1918 жж.): ғылыми монография. Алматы: Қазақ университеті, 2000. 358 б.

- Байдалы, 2020 — *Байдалы Р. Ж.* 1930 жылдардағы ашаршылық кезіндегі Орта Азия республикаларындағы қазақ босқындары // *edu.e-history.kz* электронды ғылыми журналы. 2020. № 4(24).
- Даль, 2004 — *Даль В. И.* Толковый словарь русского языка: современное написание. М.: АСТ; Астрель, 2004. 983 с.
- Желтяков, 1972 — *Желтяков А. Д.* Печать в общественно-политической и культурной жизни Турции (1729–1908 гг.). М.: Наука, 1972. 320 с.
- Исенов, 2020 — *Исенов Ө. И.* Қазақстандағы 30-жылдардағы ашаршылық: қазақ халқының атамекенінен көшуі // *edu.e-history.kz* электронды ғылыми журналы. 2020. № 4(24).
- Историческая наука, 1986 — *Историческая наука.* Вопросы методологии. М.: Мысль, 1986. 261 с.
- Козыбаев, Абылхожин, Алдажуманов, 1992 — *Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С.* Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. Алма-Ата, 1992. 36 с.
- Көкебаева, Бисембайұлы, 2026 — *Көкебаева Г. К., Бисембайұлы М.* 1940 жылдардағы Батыс Беларусь пен Батыс Украинадағы мәжбүрлі миграция және этникалық саясат // *Asian Journal «Steppe Panorama»*. 2026. Т. 13. № 1. 125–138 бб. DOI: 10. 51943/3135-8055_2026_13_1_125-138.
- Қозыбаев, 1998 — *Қозыбаев М. Қ.* Тарих зердесі (Замана асуы). 1-кітап. Алматы: Ғылым, 1998. 344 б.
- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 2014 — *Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.* № 226-V ҚРЗ. 2014. 419-бап. Adilet ақпараттық-құқықтық жүйесі (қаралған күні: 23. 05. 2026).
- Лаппо-Данилевский, 1910 — *Лаппо-Данилевский А. С.* Методология истории. СПб., 1910. Ч. 1. 414 с.
- Лавник, Своеосс, 2012 — *Лавник И. Й., Своеосс Н.* Политическая психология. М.: РОССПЭН, 2012. 359 с.
- Мемлекеттік террор, 2022 — *Мемлекеттік террор мен қуғын-сүргіннен туған жерін тастап Қазақстаннан тыс жерлерге (Өзбекстан, Тәжікстан) ауақөшкендердің архивтік құжаттары мен естеліктер жинағы.* Алматы: Арыс, 2022. 424 б.
- Нехамкин, 2014 — *Нехамкин В. А.* Обвинение как социально-психологический феномен (на основе повседневного опыта 1930-х годов) // *Историческая психология и социология истории.* 2014. № 2.
- Омарбеков, 1994 — *Омарбеков Т.* Зобалан: (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық. 1929–1931 жылдары болған халық көтерілістері). Алматы: Санат, 1994. 272 б.
- Омарбеков, 1997 — *Омарбеков Т.* 20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: көмекші оқу құралы. Алматы: Санат, 1997. 320 б.
- Омарбеков, 2018 — *Омарбеков Т.* 1929–1931 жылдардағы халық көтерілістері: зерттеу. Алматы: Арыс, 2018. 480 б.
- Суровцева, 2011 — *Суровцева Е. В.* Жанр «письма к царю» в XIX – начале XX века. Москва: АИРО-XXI, 2011. 163 с.
- Талдыбаев, 2016 — *Талдыбаев Ж.* Қазақ халқы: көші-қон тарихының демографиясы (1926–1959 жж.) // *edu.e-history.kz* электронды ғылыми журналы. 2016. № 1(05).
- Татимов, 1990 — *Татимов М. Б.* Демографические последствия перегибов в коллективизации: «белые пятна» в исторической демографии Казахстана // *Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстане: опыт и проблемы.* Алма-Ата: Ғылым, 1990. 200 с. С. 108.
- Уголовный кодекс РСФСР, 1927 — *Уголовный кодекс РСФСР 1926 года.* М.: Юридическое издательство НКЮ РСФСР, 1927. Ст. 95, 161–162.
- Шкуратов, 1977 — *Шкуратов В. А.* Историческая психология. 2-е изд. М., 1977. 505 с.
- Юридический энциклопедический словарь, 1984 — *Юридический энциклопедический словарь / Бас ред. А.Я. Сухарев.* М.: Советская энциклопедия, 1984. 415 с.

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Alpysbes M.A., Khumarzakh A., Kara A. THE LETTER OF GÜYÜK KHAN AS A HISTORICAL SOURCE	608
---	-----

HISTORY

Batyrbayeva M., Dönninghaus V. THE HISTORY OF THE FORMATION OF CIVIL AVIATION IN KAZAKHSTAN (1920–1940)	626
Bekenova A.A., Mukhatova O.Kh. COMBATING CRIME AMONG HOMELESS CHILDREN IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S	642
Berlibay E., Zhubanyshov B., Smanova A. THE CONSEQUENCES OF REPRESSION IN KAZAKHSTAN (1920-1950)	659
Zhirenov A.A., Kalan E. EMIR OF KHOREZM HUSSEIN SUFI IN HIS WORK "TAVARIKH-I GUZIDE-I NUSRAT-NAMEH"	677
Kapbarova G.Sh., Amirbek A.A., Gündogdu A. SETTLEMENT AND SOCIAL ADAPTATION OF KANDAS IN SOUTHERN KAZAKHSTAN: REGIONAL DYNAMICS AND THE IMPACT OF MIGRATION POLICY (2000–2023)	689
Kapayeva A.T., Kassymova D.B., Konkabayeva A.N. SOCIAL POLICY AND WOMEN'S HEALTH IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S–1930S: A HISTORICAL-SOCIAL ANALYSIS	705
Mamytova S.N., Shayakhmet N.U., Batalov K.K. USE OF SNOW AND SNOW RETENTION PRACTICES IN THE ECONOMY OF THE KAZAKHS IN THE IRTYSH REGION (LATE 19TH – EARLY 20TH CENTURY)	725
Nurymbetova G.R., Abzhanov Kh.M. POLITICAL REPRESSION IN KAZAKHSTAN: THE FATE OF S. SEIFULLIN	738
Ospanova R.R., Murzakhodzhayev K. ACTIVITIES OF SECULAR AND MUSLIM EDUCATIONAL INSTITUTIONS IN THE SEMIRECHYE REGION AT THE TURN OF THE XIX–XX CENTURIES (INTERDISCIPLINARY ANALYSIS BASED ON ARCHIVAL DOCUMENTS)	753
Saktaganova Z.G., Zhagypar A.B., Baigozhina G.M. OME ASPECTS OF "DISSENT" AMONG THE YOUTH OF KARAGANDA IN 1940–1945	772
Satenova M., Shotanova G., Zhetpisbay N. ON THE DEVELOPMENT OF DOMESTIC ARCHEOGRAPHY BASED ON DOCUMENTARY PUBLICATIONS OF THE 18TH–19TH CENTURIES	789
Toraigyrov E.M., Dzhumashev A.M. THE ZHATAKS OF THE IRTYSH REGION AND THE TEN-VERST BELT IN THE SECOND HALF OF THE 19TH – EARLY 20TH CENTURIES	806
Tuleshova U.Zh., Galimov E.A. IMPERIAL POWER AND QAZAQ ELITES: MAIN DIRECTIONS OF THE HISTORIOGRAPHICAL STUDY OF THE INSTITUTION OF SULTAN-RULERS IN THE JUNIOR ZHUZ	821
Tursun Kh.M., Khazretalikyzy R., Kapbarova G.M. THE HISTORICAL PSYCHOLOGY OF FORCED NOMADIC DISPLACEMENT	840
Cherepanov K.V., Omarova G.A., Ualtaeva A.S. THE FORMATION OF ALMATY AS THE POLITICAL CENTER OF KAZAKHSTAN (1920S–30S)	854
Shashayev A.K., Kurmanalina N.N., Belous S.G. POLICE ACTIVITIES DURING THE 1916 UPRISING IN THE SEMIRECHESK REGION	876

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Razdykov S.Z., Sydygaliyev S.M., Khainazarov B.B. ONOMASTIC ELEMENTS OF SUFI ORIGIN IN THE GENEALOGY OF KAZAKH CLANS IN THE XIV–XV CENTURIES	892
Samashev S.K., Sapashev O.S., Seitkhanuly Sh. TAMGAS AND EAR MARKS (EN) OF THE KAZAKHS OF MONGOLIA	908
Sapatayev S.A., Kartayeva T.E., Orynbasar B.K. SEASONAL SETTLEMENTS OF THE DULAT TRIBE IN THE VALLEYS OF THE SHU-ILE AND TALAS RIVERS	926

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Алпысбес М.А., Хумарзах А. Қара Ә.	
КҮЙІК ХАННЫҢ ХАТЫ – ТАРИХИ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ	608

ТАРИХ

Батырбаева М., Дённингхаус В.	
ҚАЗАҚСТАНДА АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ (1920–1940 ЖЖ.)	626
Бекенова А.А., Мухатова О. Х.	
1920-ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАНАСЫЗ –	
БАЛАЛАР ҚЫЛМЫСЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС	642
Берлібай Е., Жұбанышов Б., Сманова А.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚУҒЫН–СҮРГІНІНІҢ ЗАРДАПТАРЫ (1920-1950 жж.)	659
Жиренов А.А., Калан Э.	
«ТАУАРИХИ ГУЗИДЕ-И НУСРАТ НАМЕ»	
ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ХОРЕЗМ ӘМІРІ ХУСЕЙН СУФИ	677
Капбарова Г.Ш., Амирбек А.А., Гүндоғду А.	
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАНДАСТАРДЫҢ ҚОНЫСТАНУЫ	
МЕН ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІ: АЙМАҚТЫҚ ДИНАМИКАСЫ	
ЖӘНЕ КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫНЫҢ ӘСЕРІ (2000–2023 ЖЖ.)	689
Қапаева А.Т., Қасымова Д.Б., Қоңқабаева А.Н.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ	
ЖӘНЕ ӘЙЕЛДЕР ДЕНСАУЛЫҒЫ: ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ТАЛДАУ	705
Мамытгова С.Н., Шаяхмет Н.У., Баталов Қ.Қ.	
ЕРТІС ӨңІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА	
ҚАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚАР ТОҚТАТУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ (XIX ғ. соңы – XX ғ. басы).....	725
Нұрымбетова Г.Р., Әбжанов Х.М.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН: С. СЕЙФУЛЛИН ТАҒДЫРЫ	738
Оспанова Р.Р., Мурзаходжаев Қ.	
XIX–XX ҒАСЫРЛАР ТОҒЫСЫНДА ЖЕТІСУ ӨңІРІНДЕГІ ЗАЙЫРЛЫ	
ЖӘНЕ МҰСЫЛМАНДЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ	
(АРХИВТІК ҚҰЖАТТАР НЕГІЗІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ)	753
Сақтағанова З.Ғ., Жағыпар Ә.Б., Байгожина Г.М.	
1940–1945 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ЖАСТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ	
«ӨЗГЕШЕ ОЙЛАУДЫҢ» КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ	772
Сатенова М., Шотанова Г., Жетпісбай Н.	
XVIII–XIX ғғ. ҚҰЖАТТЫҚ ЖАРИЯЛАНЫМДАР НЕГІЗІНДЕГІ ОТАНДЫҚ	
АРХЕОГРАФИЯНЫҢ ДАМУЫ ТУРАЛЫ.....	789
Торайғыров Е.М., Джумашев А.М.	
XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ	
ЕРТІС ӨңІРІ МЕН ЕРТІС ОН ШАҚЫРЫМДЫҚ БЕЛДЕУІНДЕГІ ЖАТАҚТАР.....	806
Түлешова Ұ.Ж., Галимов Е.А.	
ИМПЕРИЯЛЫҚ БІЛІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЭЛИТАСЫ: КІШІ ЖҮЗДЕГІ БІЛЕУШІ	
СҰЛТАНДАР ИНСТИТУТЫН ТАРИХНАМАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	821
Түрсүн Х. М., Хазретәліқызы Р., Капбарова Г. М.	
МӘЖБҮРЛІ АУА КӨШУДІҢ ТАРИХИ ПСИХОЛОГИЯСЫ	840
Черепанов К.В., Омарова Г.А., Уалтаева А.С.	
АЛМАТЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ (1920–30 ЖЖ.)	854
Шашаев Ә.К., Құрманалина Н.Н., Белоус С.Г.	
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС КЕЗІНДЕГІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ	876

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Раздықов С.З., Сыдығалиев С. М., Хайназаров Б.Б.	
XIV–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ РУЛАРЫ ШЕЖІРЕСІНДЕГІ	
СОПЫЛЫҚ ТЕКТІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР.....	892
Самашев С.Қ., Сапашев О.С., Сейітханұлы Ш.	
МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЕН-ТАҢБАЛАРЫ.....	908
Сапатаев С.Ә., Қартаева Т.Е., Орынбасар Б.Қ.	
ШУ-ІЛЕ ЖӘНЕ ТАЛАС ӨЗЕНДЕРІ АҢҒАРЛАРЫНДАҒЫ ДУЛАТ ТАЙПАСЫНЫҢ	
МЕРЗІМДІК ҚОНЫСТАРЫ	926

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Алпысбес М.А., Хумарзах А. Кара А. ПИСЬМО ХАНА ГУЮКА КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК	608
---	-----

ИСТОРИЯ

Батырбаева М., Дённингхаус В. ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ГРАЖДАНСКОЙ АВИАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ (1920–1940 ГГ.)	626
Бекенова А.А., Мухатова О.Х. БОРЬБА С ПРЕСТУПНОСТЬЮ БЕЗПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ В КАЗАХСТАНЕ В 1920-Х ГОДАХ	642
Берлибай Е., Жубанышов Б., Сманова А. ПОСЛЕДСТВИЯ РЕПРЕССИЙ В КАЗАХСТАНЕ (1920-1950 ГГ.)	659
Жиренов А.А., Калан ЭМИР ХОРЕЗМА ХУСЕЙН СУФИ В ПРОИЗВЕДЕНИИ «ТАВАРИХИ ГУЗИДЕ-И НУСРАТ НАМЕ»	677
Капбарова Г.Ш., Амирбек А.А., Гюндоду А. РАССЕЛЕНИЕ И СОЦИАЛЬНАЯ АДАПТАЦИЯ КАНДАСОВ В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ: РЕГИОНАЛЬНАЯ ДИНАМИКА И ВЛИЯНИЕ МИГРАЦИОННОЙ ПОЛИТИКИ (2000–2023 ГГ.)	689
Капаева А.Т., Касымова Д.Б., Конкабаева А. Н. СОЦИАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА И ЖЕНСКОЕ ЗДОРОВЬЕ В КАЗАХСТАНЕ В 1920–1930-Е ГГ.: ИСТОРИКО-СОЦИАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ.....	705
Мамытова С.Н., Шаяхмет Н.У., Баталов К.К. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СНЕГА И ПРАКТИКИ СНЕГОЗАДЕРЖАНИЯ В ХОЗЯЙСТВЕ КАЗАХОВ ПРИИРТЫШЬЯ (КОНЕЦ XIX – НАЧАЛО XX ВЕКА)	725
Нурымбетова Г.Р., Абжанов Х.М. ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ В КАЗАХСТАНЕ: СУДЬБА С. СЕЙФУЛЛИНА.....	738
Оспанова Р.Р., Мурзаходжаев К. ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СВЕТСКИХ И МУСУЛЬМАНСКИХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ В РЕГИОНЕ СЕМИРЕЧЬЕ НА РУБЕЖЕ XIX И XX ВЕКОВ (МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЙ АНАЛИЗ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ).....	753
Сактаганова З. Г., Жагыпар А.Б., Байгожина Г.М. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ «ИНАКОМЫСЛИЯ» СРЕДИ МОЛОДЁЖИ КАРАГАНДЫ В 1940–1945 ГОДАХ	772
Сатенова М., Шотанова Г., Жетписбай Н. О РАЗВИТИИ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ АРХЕОГРАФИИ НА ОСНОВЕ ДОКУМЕНТАЛЬНЫХ ПУБЛИКАЦИЙ XVIII–XIX ВВ.	789
Торайгыров Е.М., Джумашев А.М. ЖАТАКИ ПРИИРТЫШЬЯ И ДЕСЯТИВЕРСТНОЙ ПОЛОСЫ ВО 2-Й ПОЛОВИНЕ XIX–НАЧАЛЕ XX ВВ.	806
Тулешова У.Ж., Галимов Е.А. ИМПЕРСКАЯ ВЛАСТЬ И КАЗАХСКАЯ ЭЛИТА: ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ИСТОРИОГРАФИЧЕСКОГО ИЗУЧЕНИЯ ИНСТИТУТА СУЛТАНОВ-ПРАВИТЕЛЕЙ МЛАДШЕГО ЖУЗА.....	821
Турсун Х.М., Хазреталикызы Р., Капбарова Г.М. ИСТОРИЧЕСКАЯ ПСИХОЛОГИЯ ВЫНУЖДЕННОГО ОТКОЧЕВАНИЯ	840
Черепанов К.В., Омарова Г.А., Уалтаева А.С. ФОРМИРОВАНИЕ АЛМА-АТА КАК ПОЛИТИЧЕСКОГО ЦЕНТРА КАЗАХСТАНА (1920–30-Е ГГ.)	854
Шашаев А.К., Курманалина Н.Н., Белоус С.Г. ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПОЛИЦИИ В ПЕРИОД ВОССТАНИЯ 1916 ГОДА В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ ОБЛАСТИ	876

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Раздыков С.З., Сыдығалиев С. М., Хайназаров Б.Б. ОНОМАСТИЧЕСКИЕ ЭЛЕМЕНТЫ СУФИЙСКОГО ПРОИСХОЖДЕНИЯ В ГЕНЕАЛОГИИ КАЗАХСКИХ РОДОВ XIV–XV ВВ.....	892
Самашев С.К., Сапашев О.С., Сейитханулы Ш. ТАМГИ И ЕН КАЗАХОВ МОНГОЛИИ	908
Сапатаев С.А., Картаева Т.Е., Орынбасар Б.К. СЕЗОННЫЕ ПОСЕЛЕНИЯ ПЛЕМЕНИ ДУЛАТ В ДОЛИНАХ РЕК ШУ-ИЛЕ И ТАЛАСА	926

ASIAN JOURNAL «STEPPE PANORAMA»
2026. 13(2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй